ҚАЗАСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҰЙЫМНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН САРАПТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЕРИТФИКАТТАУ ТӘРТІБІ

Информационная технология

ПОРЯДОК ЭКСПЕРТИЗЫ, ОЦЕНКИ И СЕРТИФИКАЦИИ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ ОРГАНИЗАЦИИ

ҚР СТ 34.028-2008

(ИСО/МЭК 27001стандартына сәйкестікке бейімдеу арқылы БСИ БҚ 3001:2002 «BS 7799-2 стандартына сәйкестікке сертификаттау үшін даярлық», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҰЙЫМНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН САРАПТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЕРИТФИКАТТАУ ТӘРТІБІ

ҚР СТ 34.028-2008

(ИСО/МЭК 27001стандартына сәйкестікке бейімдеу арқылы БСИ БҚ 3001:2002 «BS 7799-2 стандартына сәйкестікке сертификаттау үшін даярлық», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ДАЯРЛАДЫ**

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы №107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

Ақпарат ұйымның бірден бір ең бағалы ресурстары болып табылады. Өз деңгейіндегі ақпарат қорғанысының болмауы мыналарға әкеп соқтырады:

– Рұқсат етілмеген әдіспен ақпаратты табу, беру немесе ашу;

– Оның бағасын түсіру мақсатында ұйым рұқсатынсыз ақпаратқа өзгеріс енгізу;

– Қалпына келтіру мүмкіндігінсіз ақпаратты із-түссіз жоғалту;

– Пайдаланушыларға ақпаратқа ену мүмкін болмауы.

Әрбір ұйым кездесуі мүмкін көптеген қауіптерден өз ақпаратын өз деңгейіндегі қорғауды қамтамасыз жауапкершілігі оның барлық менеджерлері, ақпараттық жүйелер иесі немесе сақтаушысына және пайдаланушыларға жүктеледі. Ақпаратқа ұйымның басқа маңызды бизнес-ресурстары сияқты қорғаныс және өз деңгейіндегі қорғанысты басқару қамтамасыз етілуі тиіс. Қорғаныс және оны өз деңгейінде басқару үздіксіз және алдын алу негізінде іске асырылуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттар ақпарат құпиялылығын, тұтастығын және ену мүмкіндігін қорғау қажеттілігі ретінде қысқаша ұсынылуы мүмкін – ақпараттық қауіпсіздіктің мәні де осында.

Осы стандарт орныққан тәжірибені сипаттайды, оның негізінде кез келген ұйымдар – ірі орташа және ұсақ – ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 халықаралық стандартына сәйкестікке сертификаттауды алуға мүмкіндік беретіндей етіп өздерінің ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) даярлай, іске асыра және қолдай алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҰЙЫМНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН САРАПТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЕРИТФИКАТТАУ ТӘРТІБІ

Енгізілген күні 2008.07.01.

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 және ҚР СТ ИСО/МЭК 17799* стандарттарын пайдаланушыларға арналған нұсқаулықтан тұрады. Ол АҚБЖ даярлау, іске асыру, бақылау және жетілдіру жөніндегі нұсқау болып табылады, яғни тиімді ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті қызметің бүкіл “өмірлік” цикліне арналған.

Осы стандарт:

– АҚБЖ-ны жоспарлауға, даярлауға және іске асыруға,

– АҚБЖ аудитін даярлауға,

– АҚБЖ аудитін өткізуге қатысушыларға арналған.

АҚБЖ аудиттері мынадай типтерде болады: бірінші тарап аудиттері (ішкі аудиттер), екінші тарап аудиттері (мысалы, тапсырыс берушілер аудиторлары орындайтын аудиттер) және үшінші тарап аудиттері (мысалы, тәуелсіз сертификаттау органдары орындайтын аудиттер).

Осы стандарт үшінші тарап аудиті нәтижесінде *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкестікке аккредиттелген сертификаттау алу үшін белгіленген процестерді іске асыру жөніндегі жан-жақты ақпараты ұсынады. Стандарттағы талаптарға сәйкес келу үшін ұйым барлық қажетті процестерді пайдаланатындығын көрсетуі және оларды пайдалану қажеттілігінің негіздемесін ұсынуы тиіс. Бұл процестердің өзі олардың тәуекелдерін басқаруды ұйымның өзінің іске асыруына әкеп соқтыратындығы сөзсіз. Ұйым өз АҚБЖ бір бөлігі ретінде басқару құралдарының тиімді жүйесін іске асыруы тиіс және АҚБЖ аудиторы қажетті дәлелдерді ұсына отырып (бірінші, екінші немесе үшінші тарап аудиті өткізілгеніне қарамастан) оларды көрсетуге қабілетті болуы тиіс.

Осы стандартты аудиттен өтудің тікелей қажеттілігі жоқ, бірақ салада қабылданған оңтайлы тәжірибелік әдістер негізінде АҚБЖ-ны даярлау және іске асыру үшін спецификация қажет ұйымдар қолдана алады. Дегенмен, *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкес келу үшін ұйымнан үшінші тарап аудиті жоспарланды ма, жоқ па, оған қарамастан, болмағанда бір ішкі аудит өткізу талап етіледі. Ұйымның үшінші тарап аудитін өткізуге экономикалық негіздемесі болмауы мүмкін, бірақ *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкестік үшін АҚБЖ-ның ішкі аудиті міндетті түрде өткізілуі тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтеме жасалады:

ҚР СТ 1.9-2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар мен стандарттау, метрология, сертификаттау және метрология жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ ИСО 9001-2001 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799-2006 Ақпараттық технология. Қорғанысты қамтамасыз ету әдістері. Ақпаратты қорғауды басқару бойынша ережелер жинағы.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001-2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар.

ҚР СТ Ақпараттық технология. Бағалау және тәуекелдерді басқару;

ҚР СТ Ақпараттық технология. Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудиті.

ИСО/МЭК 62: 1996* басшылығы Сапа жүйесін сертификаттауды жүргізетін сертификаттау жөніндегі органдарға қойылатын талаптар

ИСО/МЭК 73:2002* басшылығы Тәуекелдерді басқару – Терминология – Стандарттарда қолданыс жөніндегі нұсқау

ЕА 7/03 басшылығы Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін сертификаттау/тіркеу жөніндегі органдарды аккредиттеуге арналған нұсқау

3 Анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799:2005, ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* және ISO/IEC 73 басшылығы бойынша терминдер қолданылады.

4 Ақпараттық қауіпсіздік мәні

4.1 Құпиялылық

Ақпаратты осы ақпараттар иесінен өкілдік алмаған кез келген ұйым немесе кез келген тұлғаға ену мүмкін болуынан сақтау, өңдеу және жіберу кезіндегі кез келген формадағы қорғанысы.

Енуді басқарудың көптеген формалары, негізінен, құпиялылықты қорғауға жатады. Құпиялылықты қамтамасыз ететін басқару құралдарының тағы бір мысалы –шифрлау. Басқару құралдары ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің әрбір сатысында қолданылуы мүмкін: физикалық сатыда (мысалы, құжаттарды сақтауға арналған есіктер мен шкафтардағы құлыптар, сейфтер және т.с.с) және логикалық сатыда (қосымшаларда және басып шығарылған күйде берілген мәліметтер базасындағы мәліметтердің жекелеген алаңдары). Әр жағдайда қауіптер мен осалдықтарды

сәйкестендіру, тиісті тәуекелдерді бағалау және осы тәуекелдерден қорғау үшін басқару құралдары жүйесін таңдау, іске асыру және қолдану керек.

4.2 Тұтастық

Оны сақтау және жіберу кезінде ақпараттың дәлдігі мен толықтығын қамтамасыз ету; ақпаратты дұрыс өңдеуді қамтамасыз ету рұқсат етілмеген тәсілмен ақпаратты өзгертуге жол бермеу. Бұдан басқа, қосылу жоспарланған желі мен жүйе екендігіне кепілдік беру үшін ұйым қосылатын желілер мен жүйелердің тұтастығы фактісіне көз жеткізген жөн.

Мәліметтерді өңдеу құрылғыларының көпшілігінде құрылғылардың (дискілердегі жинағыштар мен өзге тасымалдағыштарды, сондай-ақ телекоммуникациялық жүйелерді қоса алғанда) мәліметтерді жоймайтынына кепілдік беруге мүмкіндік беретін мәліметтердің тұтастығын автоматты түрде тексеру құралдары бар. Тұтастықты бақылау құралдары операциялық жүйелерде, бағдарламалық қамсыздандыруда және қолданбалы бағдарламаларда айтарлықтай роль атқарады, өңдеу кезінде бағдарламалар мен мәліметтерді қасақана немесе кездейсоқ зақымдаудың алдын алуға мүмкіндік береді. Процедуралық сатыда адам қателіктері, ұрлау немесе алаяқтықтың алдын алатын тұтастықты бақылау құралдары (мысалы, мәліметтерді енгізу/шығару дұрыстығын тексеруге арналған бақылау құралдары, пайдаланушыларды оқыту және өзге операциялық бақылау құралдары) қолданылуы тиіс.

4.3 Ену мүмкіндігі

Қажет еткен жері мен уақытында осы ақпаратты иемденуге тиісті өкілдігі барларға ақпаратқа ену мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Ақпаратқа ену мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін тәжірибеде басқару құралдары жүйесі талап етіледі, мысалы: ақпаратты резервті көшірмелеу құралдары, жүктеуді жоспарлау, жүйелерді қабылдауға арналған процедуралар мен критерийлер, оқиғаны басқару процедуралары, ақпараттың алынбалы тасымалдаушыларын басқару, ақпаратты өңдеу процедуралары, жабдықтарды қолдау және тестілеу, жүйені пайдалану мониторингі процедуралары, тоқтаусыз жұмыс істеуді қамтамасыз ету процедуралары. Ену мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқарудың алдын алу құралдары ретінде қауіпсіздік оқиғаларын, қызмет көрсету дәрежесін және жүйе өнімділігін дер кезінде және үздіксіз мониторингі , талдауы және бақылауын іске асыру қолданылады.

4.4 Құпия және сыни ақпарат

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 стандарты басқару құралдары жиынтығын айқындайды, олар құпия әрі сыни ақпаратта да қолданылады. Құпия немесе сыни ақпарат дегеніміз не? Оларды қалай ажырату керек? Әр ұйым үшін өз

анықтамасы болады. Қажет болғанда ақпараты құпия немесе сыни деп белгілеу үшін, ал қалған ақпараттарды құпия немесе сыни емес деп тану үшін жеке ұйымға қатысты ақпараттың маңыздылығы мен пайдалылығын белгілеуге мүмкіндік беретін кейбір әдістемелер айқындалуы тиіс.

Бұнымен қатар уақытша фактор да бар: ұйымның қаржылық ақпараты қор биржасында пайда болғанға дейін бірнеше күн алды өте құпия болады, бірақ онда пайда болғаннан кейін құпия болудан қалады. Құпиялылық сондай-ақ мәліметтерге берілетін жіктеу деңгейінде де көрініс табады.

Ақпараттық ресурстардың бағалануы тәуекелдерді бағалаудың бір бөлігі (*ҚРСТ* қараңыз) болып табылады, ол тиісті басқару құралдары жүйесінің көмегімен осы ресурстарды қорғау үшін қажетті тәуекелдер мен қауіпсіздік деңгейін есептеуге мүмкіндік береді.

5 Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ)

5.1 Кіріспе

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандарты үшін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) ұғымы басты болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) – бизнес тәуекелдерін талдау мен бағалауға негізделген және ақпараттық қауіпсіздікті даярлау, іске асыру, пайдалану, бақылау, қолдау және жетілдіру үшін арналған басқарудың жалпы жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Басқару жүйесіне ұйымдастыру, құрылымы және саясаты, міндеттерді жоспарлау, бөлісу, ұсыныстар, процестер және ресурстар кіреді. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін қолдану саласы, оны басқару және ресурстары ұйым көлемі мен қарастырылып жатқан ақпараттық ресурстарға байланысты болады.

Ұйымға пайдалы болу үшін АҚБЖ тиімді болуы тиіс. Ақпараттық қауіпсіздік ұйымның өндірістік және іскери мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Ақпараттық қауіпсіздік негізінен техникалық мәселені емес, басқару мәселелерін ұсынады, әйтсе де әсіресе ақпараттық технологияларға деген күшті қажеттілік жағдайында техникалық жағы да назардан тыс қалмауы тиіс. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару – бір реттік әрекет емес, оны үнемі жетілдіру жөніндегі үздіксіз қызмет ретінде қарастыру қажет. Жақсы басқарылатын ақпараттық қауіпсіздік – бизнесті іске асыру құралы. Қазіргі әлемде бірде-бір ұйым ақпараттық қауіпсіздікпен қамтамасыздандырылмайынша табысты жұмыс істей алмайды. Басқару құралдарының жүйесі жұмсалған шығынды қайтарып қана қоймайды, ол сондай-ақ ұйымның өркендеуіне оң үлес қосады.

5.2 *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкестік

Тәжірибелік нұсқау бола отырып *ҚР СТ ИСО/МЭК 17799:2005* стандарты ұсыныстар мен ұсынымдар нысанына ие, бұл оны спецификация

ретінде қолдануға болмайтынын және сәйкестік туралы ұсыныстың адасуға апармайтынына кепілдік беретіне сақтық білдіру қажеттілігін білдіреді.

АҚБЖ үшін спецификация бола отырып, *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандарты егер ұйымға стандартқа сәйкестік туралы сұрау қажет болса, іске асырылған АҚБЖ сәйкес келуі тиіс “тиіс” шарты түріндегі ережелерді қолданатын талаптар жиынтығы түріне ие. Егер *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* жиынтық болса, осы стандартта сипатталған (1-8 тармақтар) процесстік жолмен байланысты барлық талаптарды қамтиды.

ЗБолуы тиісИ сөзі көрсеткендей, *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының талаптарын көрсететін ережелердің міндетті болып табылатынын білдіреді. «Жөн» етістігі міндетті болып табылмайтын, бірақ қолдануға ұсынылатын талаптарды қолдану жөніндегі ережелерді құраса да ережелерде қолданылады.

5.3 ЖЖБТ моделі (PDCA)

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартында «Жоспарлау – Іске асыру – Бағалау – Түзету - ЖЖБТ» («Plan – Do – Check - Act» – PDCA) моделі қабылданған (2-суретті қараңыз). Бұл модель АҚБЖ-ны даярлау, іске асыру, бақылау, талдау, қолдау және жетілдіру үшін негіз ретінде қолданылады.



2-сурет – АҚБЖ процестеріне қолданудағы ЖЖБТ моделі

Жоспарлау (АҚБЖ-ны даярлау)	Ұйымның жалпы саясаты мен мақсаттарына сәйкес келетін нәтижелерді алу мақсатында ақпараттық қауіпсіздікті жетілдіру мен тәуекелдерді басқару үшін маңызды қауіпсіздік саясаты, мақсаттары, процестері мен процедураларын айқындау.
Іске асыру (АҚБЖ-ны енгізу және пайдалану)	Қауіпсіздік саясатын, басқару құралдарын, процестер мен процедураларды іске асыру және қолдану.
Бағалау (АҚБЖ мониторингі және талдау)	Бағалау, егер қажет болса, қауіпсіздік саясатына, мақсаттар мен практикалық тәжірибеге сәйкестігін тексеруге арналған процесс сипаттамаларын өлшеу, сондай-ақ нәтижелерін басқару персоналы ары қарай талдауы үшін беру.
Түзету (АҚБЖ-ны қолдау және жетілдіру)	АҚБЖ-ны үнемі жетілдіру мақсатында басқару персоналы орындаған талдау нәтижелері бойынша түзету және алдын алу шараларын қабылдау.

5.4 АҚБЖ-ны әзірлеу

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартының 4.2.1 тармағында “Жоспарлау” сатысына арналған мынадай міндетті («ұйым міндетті») талаптар айқындалған:

– Бизнес, ұйым, оның орналасуы, ресурстар мен технологиялар сипаттамалары терминдерінде **АҚБЖ қолдану саласы мен шектерін айқындау.** АҚБЖ қолданылу саласы ұйымның шектелген және айқындалған тәуелсіз бөлігі болуы мүмкін, немесе қолданылу саласы ретінде бүкіл ұйым алынуы мүмкін. АҚБЖ қолданылу саласының дұрыс айқындалғаны және толық болғаны шарт. Бұл қолданылу саласының өзге жүйелер, ұйымдар, сыртқы жеткізушілер интерфейстерін есепке алуы, сондай-ақ, барлық тәуелділіктерді есепке алғаны жөн, мысалы, осы АҚБЖ көмегімен орындалуы тиіс қауіпсіздік талаптары.

– Бизнес, ұйым, оның орналасуы, ресурстар мен технологиялар сипаттамалары терминдерінде өндірістік және құқықтық немесе нормативтік талаптарды, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді немесе үшінші тараппен жасалған келісімді есепке ала отырып **АҚБЖ саясатын айқындау**. АҚБЖ саясатын басшылық бекітуі тиіс. Бұл саясатқа мақсаттарды айқындауға арналған жалпы құрылымды айқындауға, сондай-ақ басшылықтың жалпы міндеттері мен қызмет принциптерін айқындауы, тәуекелдерді басқару ауқымын айқындауы және тәуекелдер бағаланатын критерийлерді белгілеуі тиіс.

– **Тәуекелді бағалауға ұйымның таңдаған жолын айқындау** – бұл нақты бір АҚБЖ-ға неғұрлым сәйкес келетін жол болуы тиіс. Ұйым тәуекелдерді қабылдау үшін өз критерийлерін даярлауы және тәуекелдердің жол берілетін деңгейін сәйкестендіруі қажет. Тәуекелді бағалау әдісін таңдау туралы шешімді ұйымның өз қабылдайды.

Қандай да бір әдіс қолданылғанына қарамастан *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартындағы басқарудың барлық салаларын

қамтитын басқару жүйесін даярлау қажет екендігін атап өткен жөн; бұл әдістің ұйымдық аспектілерімен, персоналмен, бизнес-процестермен, пайдалану мен техникалық қызмет көрсету процестері мен процедураларымен, құқықтық және нормативтік талаптармен, шарттық міндеттемелермен, сондай-ақ ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты тәуекелдерді есепке алуы тиіс. *ҚР СТ* стандартында осы сатыға, сондай-ақ төменде сипатталған г) және д) сатыларына сәйкес келетін тәуекелдерді бағалау туралы ақпараттар берілген.

Тәуекелдерді бағалау міндетті талап болып табылады, бірақ оны қолдану барысында автоматтандырылған бағдарламалық құралдарды қолдану міндетті болып табылмайды, дегенмен көптеген жағдайларда осы тектес аспаптық құралдарды қолдану әсіресе тәуекелдерді қайтадан бағалау қажеттілігінде және қауіптер, осалдықтар және ресурстар туралы ақпараттар туралы ақпараттар тәуекеліне байланысты жаңартулар қажеттілігінде басымдық болып табылады. Тәуекелдерді бағалау жолын таңдау күрделілігі қарастырылып жатқан АҚБЖ күрделілігімен байланысты. Қолданылатын әдістерді қажетті ұйымның күрделілік деңгейімен және кепілдік деңгейлерімен сәйкестендірген жөн.

а) Ресурстар тап болатын осы ресурстармен байланысты, ресурстардың құпиялылығы, тұтастығы және ену мүмкіндігін төндірілуі мүмкін қауіптер мен осалдықтарды есепке ала отырып **Тәуекелдерді сәйкестендіру**. Бұл жағдайда с) тармағында сипатталғандай, тәуекелдің басқарудың барлық салаларымен байланысты болғаны қажет (тәуекелдерді бағалау туралы неғұрлым толық ақпарат *ҚР СТ* стандартында беріледі).

б) тармағына сәйкес алынған ақпаратты қолдана отырып және барлық қолдану салаларын есепке ала отырып - ұйымдық аспектілер, персонал, бизнес-процесстер, пайдалану мен техникалық қызмет көрсету процестері мен процедуралары, құқықтық және нормативтік талаптар, шарттық міндеттемелерді, сондай-ақ ақпаратты өңдеу құралдарын есепке ала отырып **Тәуекелдерді бағалау** (*ҚР СТ* қараңыз, онда тәуекелді бағалау туралы жан-жақты ақпарат берілген). Ұйым қауіпсіздіктің бұзылуы оның бизнеске келтіруі мүмкін шығынды және ондай бұзылудың болу ықтималдығын бағалауы тиіс. Сондай-ақ, ұйым тәуекелдер деңгейін айқындауы тиіс және өз бизнесі ауқымында тәуекелдер жол берілетін болып табыла ма немесе тәуекелдерді өңдеуді орындау қажет болады ма айқындауы тиіс.

в) **Сәйкестендіру және тәуекелдерді өңдеу нұсқаларын бағалау.** Оның бизнесіне тигізуі мүмкін әсерлерді сәйкестендіріп және бағалай отырып, ұйым бұл тәуекелдерді өз деңгейінде басқаруға және оларды өз бизнесі ауқымында өңдеуге мүмкіндік беретін әр түрлі әрекеттер жасай алады. Ұйым қарастыруы мүмкін әрекеттерге мыналар жатады: тәуекелдерді азайтуға бағытталған басқарудың өз деңгейіндегі құралдарын қолдану, осы тәуекелдермен байланысты қызметтерді тоқтату арқылы тәуекелдің алдын

алу, тәуекелдерді өзге тараптарға (мысалы сақтандырушыға) беру (толығымен немесе ішінара) немесе тәуекелді жоспарлы немесе әдейі қабылдау.

г) **Басқару мақсаттарын және тәуекелдерді өңдеуге арналған басқару құралдарын таңдау.** Егер ұйым басқару құралдарын тәуекелдерді өңдеу үшін қолдану туралы шешім қабылдаса, онда оларға алдымен осы мақсатқа сәйкес келетін басқару құралдары жүйесін таңдауы керек. Ұйым өзіне қажеттілерін таңдай алатын басқару құралдары *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының А қосымшасында берілген. Сондай-ақ ұйымға А қосымшасына енбеген басқарудың қосымша құралдары қажет болуы мүмкін.

Басқару құралдарын таңдағанда экономикалық тиімділігін есепке алған жөн, яғни іске асыру бағасы осы құралдар арқылы тәуекелдердің қаржылық әсерін төмендету мүмкін болатын сомадан аспауы керек. Кейбір әсерлердің қаржылық емес сипаты барлығы сөзсіз. Сондай-ақ, қауіпсіздікке, жеке ақпаратқа, құқықтық және нормативтік талаптарға, имидж бен беделге қатысты әсерлерді есепке алу керек.

д) **Қолданылуы туралы Ережені даярлау** – Қолданылуы туралы Ережені даярлау *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына қол жеткізгісі келетін ұйым үшін міндетті талап болып табылады. Қолданылуы туралы Ереже басқару мақсаттары мен таңдалған басқару құралдары санамаланатын құжат болып табылады және бұл таңдау тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді өңдеу процестерімен байланысты болуы тиіс. Бұл байланыс басқару мақсаттары мен басқару құралдарын таңдау негізділігін көрсетуі тиіс. Тек қана басқару мақсаттары мен басқару құралдарын санамалау қолданылуы туралы Ережеде жол берілмейтін болып табылады.

5.5 АҚБЖ-ны іске асыру және пайдалану

(Пске асыру” сатысы үшін *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* айқындалған міндетті («**ұйым міндетті**») талаптар “**ЖоспарлауУ сатысында** даярланған АҚБЖ-ны іске асыруға және пайдалануға мүмкіндік беретін процестердің қажетті жиынтығын қолданып отырғанына кепілдік беру үшін әзірленген. Бұл талаптарға ұйым сәйкестендірген және бағалаған ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару үшін қолданылатын тәуекелдерді өңдеу жоспарын құрастыру қажеттілігі жатады. Бұл ыңғайда басшылықтың қажетті әрекеттерін айқындау және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару процесіне қатысушылардың міндеттерін, сондай-ақ қауіпсіздік үшін маңызды және АҚБЖ-мен байланысты пайдаланушылар/менеджерлердің кез келген қызметтерінде қатысатындардың міндеттерін сәйкестендіру қажет.

Ұйымның тәуекелдерді өңдеу жоспарын және таңдалған басқару құралдарын іске асыруға мүмкіндік беретін процестер жиынтығын мына факторларды есепке ала отырып қолданғаны жөн: АҚБЖ-ны қаржыландыру,

рольдер мен міндеттерді бөлісу, оқыту мен құлақтандырудың қажетті бағдарламасын іске асыру, ресурстар мен операцияларды басқару, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқаруға арналған процедураларды орнату және қолдану. Басқару құралдары жүйесін іске асыру туралы ақпарат *ҚР СТ* стандартында келтірілген.

Тиімділік – бұл таңдалған басқару құралдарын іске асыру кезіндегі түйінді сөз. Басқару құралдары олар таңдалған мақсатқа сәйкес қауіпсіздік тәуекелін (тәуекелдерін) басқаруда тиімді болуы тиіс. Сондай-ақ, олардың экономикалық тиімділігін есепке алған жөн – басқару құралының бірнеше рет іске асырылу дәрежесі болуы мүмкін. Ақшаны артық шығындамас үшін іске асырылу дәрежесі (мысалы, оқытудың, құжаттаудың немесе есеп берушіліктің қажетті мөлшерінде) жақсы салмақталған болуы тиіс. Тым артық іске асыру осы құрал ықпалындағы персоналдың көңілін қалдыруы мүмкін, басқару құралының жалпы тиімділігінің жиі төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Қауіпсіздік пен бақылау үнемі адамдардың өмірі мен жұмыс тәжірибесіне араласады, бірақ оны артық жүкке айналдыруға болмайды.

Сондай-ақ, қауіпсіздіктің мәні адамдарға олардың істеуі тиіс жұмысына мүмкіндік бермеу емес, оның мәні олардың өз жұмыстарын басқарылатын және тиімді бақылауда атқаруына мүмкіндікті қамтамасыз етуде. Ол оларға өз міндеттерін атқарғанын көрсетуге мүмкіндік беруі тиіс; ешқандай күмәнсыз олардың жауапкершілікпен қарайтынын анықтауға мүмкіндік беруі тиіс. Жақын арада персонал дұрыс іске асырылған қауіпсіздікті қолайсыздық түрінде емес, басымдылық ретінде сезіне бастайды.

5.6 АҚБЖ мониторингі мен талдауы

ТБағалауУ сатысы үшін *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартында айқындалған міндетті (**«ұйым міндетті»**) талаптар “**Іске асыруУ сатысында** іске асырылған АҚБЖ-ны бақылауға және талдауға мүмкіндік беретін қажетті процестер жиынтығын ұйымның қолданатындығына кепілдік беруі үшін даярланған. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарудағы АҚБЖ тиімділігі үшін АҚБЖ-ға әсер етуі мүмкін барлық өзгерістерді бақылау және табу маңызды. Бұл төмендегі өзгерістер нәтижесінде пайда болған қауіптердегі, осалдықтардағы немесе әсерлердегі өзгерістер болуы мүмкін:

– Бизнес ортада немесе соның ауқымында: жаңа бизнес әріптестер; жеткізудің жаңа немесе өзге тізбектері; жаңа, өзге немесе өзгерген клиенттік база; басқа нарықтарға шығу, нарық конъюнктурасы; үшінші тараппен жасалған келісімдер; аутсорсинг бойынша келісім; үйде жұмыс істеу;

– Бизнес-саясат немесе мақсаттарда;

– Ұйымдық құрылымда, жұмыскерлер құрамында, өндірістік жағдайларда;

– Технологияларды пайдалану мен енгізуде: жаңа жүйелер мен қолданбалар, жаңарту, желіні кеңейту, жүйелік платформалардың әр қилылығы, аласталған жұмыстың аумақтылау қолданылуы, сыртқы ұйымдардың кеңірек енуі, аутсорсинг жөніндегі келісімдердің көбірек көлемі;

– Құқықтық және нормативтік кеңістікте.

Бұл мысалдардың барлығында да өзгерту тәуекелдерге және ұйым бизнесіне ықпал ете алады. Тәуекелдердің, қалдық тәуекелдер деңгейі мен жол берілетін тәуекелдер деңгейінің қайта бағалануы АҚБЖ тиімділігін сақтау үшін қажет.

ЗБағалауИ сатысында ұйымға өз АҚБЖ-сының талдауы мен қайта бағалануын өткізуі керек: қолдану саласының дұрыстығы сақталды ма; басқару құралдары жүйесінің дұрыстығы мен тиімділігі сақталды ма; процедуралар дұрыстығы сақталды ма және олар ағымдағы бизнес процестерде дұрыс қолданылып жатыр ма; рольдер мен міндеттердің бөлінуі дұрыс па және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі әрекеттер өз дәрежесінде орындалып жатыр ма; қауіпсіздік инциденттерін өңдеу процестері өзгерген шарттарға сәйкес келе ме; қауіпсіздік инциденттерін өңдеу процестерінің нәтижелері өз дәрежесінде талқыланды ма; үзіліссіз жұмысты қамтамасыз ету жоспары жаңа шарттарға сәйкес келе ме.

ЗБағалауИ сатысында басқару персоналы жүргізген қауіпсіздік талдаулары, аудитінің және жүйелік сынақтардың, қауіпсіздік инциденттері туралы есептердің, ақпараттық жүйелер иелері, менеджерлер мен пайдаланушылардан келіп түскен ақпараттар мен ұсыныстарды есепке алған жөн - бұның барлығы АҚБЖ-ның қазір де бизнеске сәйкес келетініне және тәуекелдердің қабылданған деңгейінен асырмай, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бұрынғыдай басқаруға мүмкіндік беретініне кепілдік беруге мүмкіндік береді.

5.7 АҚБЖ-ны қолдау және жетілдіру

ТТүзетуУ сатысы үшін *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартында айқындалған міндетті («ұйым міндетті») талаптар **ТБағалауУ** сатысында іске асырылған процестер нәтижелері бойынша АҚБЖ-ны қолдау және жетілдіруге арналған процестердің қажетті жиынтығын ұйымның қолданатындығына кепілдік беру үшін даярланған. **ТБағалауУ сатысында** орындалатын мониторинг пен талдау процесі барысында АҚБЖ-ны жетілдіруді талап ететін өзгерістер сәйкестендірілуі мүмкін, олар ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін өз дәрежесінде басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдер үнемі ішкі және сыртқы жағдайлар әсерімен өзгеріп отырады. Сондықтан тәуекелдерді **ТБағалауУ сатысында** анықталған өзгерістерге қажетті әрекеттермен қабылдай отырып, алдын ала белсенді басқару қажет. Инциденттер тәуекелдерді іске асыруды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді және олардың нәтижелері бойынша инциденттерге дер кезінде тиімді алдын алуға мүмкіндік беретін кеңейту процедураларын қолдану қажет болады. Тәуекелдер мониторингі үшін үнемі қауіптерді, іске асырылған басқару құралдары жүйесін және олардың тиімділігін талдап отыру, сондай-ақ аудиттер өткізіп отыру керек.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартында соларға сәйкес АҚБЖ тиімділігін үнемі арттыруға мүмкіндік беретін процестер жиынтығын ұйым қолдануы тиіс процестерге қойылатын талаптар берілген. Бұл процестерге мыналар жатады: ақпараттық қауіпсіздік саясаты мен қауіпсіздік мақсаттарын қолдану, аудит пен талдау нәтижелерін қолдану, мониторинг нәтижелерін зерттеу, сондай-ақ алдын алу және түзету шаралары.

ЗТүзетуИ сатысында барлық АҚБЖ-ның анықталған жетілдірулерін іске асыруға мүмкіндік беретін процестерді қолдану және алдын алу және түзету шараларын *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкес қабылдау қажет. Ұйым АҚБЖ-ны іске асыру мен пайдаланудағы сәйкессіздіктерді анықтауы, бұл сәйкессіздіктердің себептерін айқындауы, сәйкессіздік себептерін жою жөніндегі әрекеттер қажеттілігін бағалауы және сәйкессіздіктердің қайтадан пайда болуын болдырмайтын қажетті түзету әсерлерін іске асыруы тиіс. Сондай-ақ, ұйым барлық болу қаупі жоғары сәйкессіздіктер мен олардың себептерін анықтауы, сондай-ақ қажетті алдын алу шараларын айқындауы тиіс.

Бұл қызметтің маңызды аспектісі барлық әрекеттерді, алдын алу және түзету, тіркеуді қамтамасыз етуде, қызығушылығы бар ұйымның барлық қызметкерлерін АҚБЖ жетілдірулері туралы құлағдар етуге мүмкіндік беретін қажетті ақпараттық арналарды қолданған жөн, сондай-ақ қажетті әрекеттердің орындалуына көз жеткізу қажет. Ұйым жоспарланған мақсаттардың орындалуын және іске асырылған жетілдірулердің қажетті талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін орындалған алдын алу және түзету әрекеттеріне талдау жүргізу қажет.

5.8 Құжаттау жүйесі

5.8.1 Құжаттауға қойылатын талаптар

АҚБЖ-ның *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының талаптарын қанағаттандыратын басқарудың құжатталған жүйесі болуы маңызды. АҚБЖ жөніндегі құжаттамаға мыналар кіруі тиіс:

– құжатталған қауіпсіздік саясатының ережелері;

– АҚБЖ қолдану саласы;

– АҚБЖ-ны қолдау үшін қолданылатын процедуралар мен басқару құралдары;

– тәуекелдер бағалауы туралы есеп;

– тәуекелдерді өңдеу жоспары;

– ақпараттық қауіпсіздіктің өзіндік процестерін тиімді жоспарлауды, пайдалану мен басқаруды қамтамасыз етуге арналған қажетті ұйымдастыру процедуралары;

– АҚБЖ-ның талаптарға сәйкестіктігін және тиімді жұмыс істеуін растайтын жазбалар;

– сертификаттау үшін міндетті сәйкестіктегі қолданылуы туралы Ереже.

5.8.2 Құжаттар мен жазбаларды басқару

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартында құжаттардың дұрыс қорғалуы мен басқарылуын қамтамасыз етуі тиіс құжаттар мен жазбаларды басқару жөніндегі міндетті талаптар жиынтығы айқындалады. Бұл талаптарды орындау үшін құжаттарды өз деңгейінде қорғауды және оларды басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін процедуралар мен процестердің жиынтығы қолданылуы тиіс. Құжаттар мен жазбаларды басқару ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың өзге құралдарымен қатар іске асырылуы тиіс тәуекелдерді басқару процесінің маңызды бөлігін құрайды.

Жазбалар ақпараттық қауіпсіздікті басқару әлемінде аса маңызды роль атқарады. Ақпараттық қауіпсіздік инцидентін іске асыру барысында бұл инциденттің осы инцидент маңыздылығына сәйкес келетін дер кезі дәрежесінде және басымдылық деңгейінде қарастырылғаны жөн. Көп жағдайларда инцидентті өз деңгейінде қарастыру үшін бірқатар мәліметтер керек болады: инцидент қайда және қашан болды, қандай жағдайларда, не болды, қандай салдарлары болды және т.с.с. Мұндай мәліметтер дұрыс жүргізілген және дәл жазбалардан алынуы мүмкін. Және, әрине, қылмыстық-құқықтық салдарлы инцидент жағдайында айғақтарды жинау мен ұсыну жөніндегі құқықтық талаптары да бар. Сондықтан жазбаны жүргізу ғана маңызды емес, сондай-ақ осы жазбаларды қорғауды қамтамасыз ету, және де олардың тұтастығын, ену мүмкіндігін және құпиялылығын қамтамасыз ету де маңызды.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартында құжаттар мен жазбаларды басқару жөніндегі талаптар басқару жүйелері жөніндегі өзге стандарттардағы талаптармен мысалы, *СТ РК ИСО 9001* стандартында келістірілген. Бұл ұйымға бірнеше басымдылық береді (бірлескен/кешенді аудиттер өткізу мүмкіндігін қоса алғандағы), құжаттау және жазбалар жүйесін басқару және қолдау үшін қажетті қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді, бизнес ресурстарын жақсырақ бақылауға көмектеседі және неғұрлым жайлы және кешенді басқаруға мүмкіндік береді.

5.9 Басшылық жауапкершілігі

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартына сәйкес басшылық АҚБЖ-ны даярлау, іске асыру, пайдалану, мониторинг, талдау, қолдау және жетілдіру бөлігі болып табылатын процестер мен әрекеттерге өзінің мүдделілігін (қызығушылығын) көрсете білуі керек. Басшылық тарапынан тікелей көрсетілген, айқын және нақты қолдау мына процестер мен әрекеттерді орындау кезінде қажет етіледі: ақпараттық қауіпсіздік саясатын даярлау, мақсаттарды айқындау, рольдер мен міндеттерді бөлісу, бизнес үшін ақпараттық қауіпсіздікті басқару маңыздылығы туралы ұйымды хабардар ету, АҚБЖ-ға арналған құралдарды ұсыну, тәуекелдің қабыл етілетін деңгейін таңдау, сондай-ақ басқарушылық талдауды өткізу.

Ұйым *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартында сәйкестендірілген талаптар мен процестерді (18 тармақтарда айқындалған барлық талаптар мен процестер) іске асыру үшін қажетті құралдардың ұсынылуын қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ, ұйым стандартқа сәйкес осы құралдардың өз деңгейінде басқарылуын қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымның пайдаланушыларды, кестелік қызметкерлерді, менеджерлерді және егер қажет болса, мердігерлерді олардың қызметтік жағдайлары мен міндеттеріне, сондай-ақ олардың нақты ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі міндеттеріне сәйкес келетін қажетті оқытумен қамтамасыз еткені жөн. Ұйымның барлық пайдаланушыларды, кестелік қызметкерлерді, менеджерлерді АҚБЖ-ның тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті хабарландырылуын қамтамасыз еткені жөн және ақпараттық қауіпсіздіктің бизнестің күнделікті маңызды аспектіне деген қатынасын жасау керек. Ұйым өзінің оқыту мен хабардар ету жалпы бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде ақпараттық қауіпсіздікті басқаруды енгізуі тиіс. Ұйымның қызметкерлердің оқыту барысында алған білімдерін, сондай-ақ қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік мәселесіндегі құзыреттігін есепке ала отырып рольдер мен міндеттерді дұрыс бөлгені қажет. Оқыту мен хабардар ету бағдарламасы барлық қызметкерлер түсінуі тиіс қарапайым түсіну мен құзыреттілік деңгейінен бастап (мысалы, түйінді сөздерді өңдеу, физикалық қауіпсіздік негіздері, электронды поштаны дұрыс қолдану, вирустардан қорғаныс және т.с.с.) барлық қызметкерлерге қажет болатын күрделірек деңгейге дейін (мысалы, желіаралық экранды конфигурациялау, ақпараттық қауіпсіздік инцидентін өңдеу процесі) өзгеруі мүмкін.

5.10 АҚБЖ-ны басшылықтың қайта қарауы

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартына сәйкес басқару персоналы бекітілген жоспарға сай АҚБЖ талдауын өткізуі тиіс. АҚБЖ талдау ұйымға АҚБЖ-ға қандай жетілдіру мен өзгерістер енгізу керектігін айқындауға мүмкіндік береді. **ЗБағалауИ сатысы** (осы стандарттың 4.5 тармағын

қараңыз) АҚБЖ дұрыстығы сақталуы мен өзгерген жағдайдағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тиімділігін бағалау үшін бизнес пен АҚБЖ операциялық кеңістігінде болған өзгерістер мониторингі мен талдауының маңыздылығын атап көрсетеді. Жағдайға талдау жүргізілгеннен соң бірқатар саясаттар мен процестерді қосу/өзгерту/жетілдіру және бірқатар басқарудың техникалық құралдарын қосу/өзгерту/жетілдіру қажет болуы мүмкін. Үнемі іске асырылатын АҚБЖ талдауы мен аудитінсіз АҚБЖ ескіруі, ұйым кездесуі мүмкін тәуекелдерді басқаруда тиімсіз болуы мүмкін және нәтижесінде ұйым ары қарай табыс әкелмейтін және жағдайға сай емес АҚБЖ-ны қаржыландыруды жалғастыра береді.

Ұйым қарастыруы мүмкін аудит пен талдаудың бірнеше типтері бар: бірінші тарап аудиті мен талдауы (мысалы, АҚБЖ-ның ішкі аудиті), екінші тарап аудиті мен талдауы (мысалы, тапсырыс беруші талабы бойынша немесе шарттық міндеттемелермен байланысты) немесе үшінші тарап аудиті мен талдауы (мысалы, сертификаттау жөніндегі тәуелсіз органдар өткізетін *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкестікке сертификаттау).

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартында басқарушылық талдаудың соңғы мәліметтері мен қорытындыларына қойылатын нақты талаптар айқындалған. Ұйымның талдау үшін соңғы мәліметтері ретінде жеткілікті және нақты ақпаратты қолдануы маңызды, бұл дұрыс шешімдерді таңдауға және тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Егер ұйымдарда басқарушылық талдауға көп күш жұмсалатын болса, онда дұрыс шешім қабылдау үшін және уақыт пен қаржыны желге ұшырмас үшін ұйымға ақпараттың жеткілікті көлеміне ену мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызды.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартындағы міндетті талаптарға сәйкес ұйымның АҚБЖ-ның ішкі аудиттерін өткізгені маңызды. Екінші жағынан, үшінші тараптың сертификаттау өткізуі туралы шешімді ұйым басшылығы қабылдайды, және мұндай сертификация міндетті болып табылмайды. Дегенмен *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартының барлық талаптары сертификаттау үшін міндетті болып табылады.

6 Сертификаттық аудиттер

6.1 Жалпы ережелер

Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесін сертификаттау (АҚБЖ) – бұл көпшілік мақұлдаған кепілдік беру жолы болып табылады, яғни бұл ұйымның *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* халықаралық стандарт талаптарын қанағаттандыратын ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін енгізгендігін көрсетеді.

ЕА 7/03 [2] нұсқаулықтары мен критерийлері (EA Guidelines for the Accreditation of bodies operating certification/registration of Information Security Management Systems – Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерін сертификаттау/тіркеу ұйымдарын аккредиттеуге арналған нұсқаулықтар) аккредиттеу жөніндегі Еуропалық қоғамның басылымы болып табылады (ЕА). Еуропа елдерінің аккредиттеу жөніндегі ұлттық ұйымдары ЕА мүшелері болып табылады, мысалы, Ұлыбританияның атынан UKAS, Нидерландыдан – RvA, Швециядан – Swedac ж. т.б. Сертификаттау жөніндегі ұйымдар ЕА 7/03 нұсқаулығындағы талаптарға жауап беруі тиіс, яғни олар қолданатын сертификаттау жүйелері үшінші жақтан тұтастық пен сенімділік критерийлерін қанағаттандырып осы жүйелердің ұлттық және халықаралық қабылдануын оңайлатуы тиіс. Солай етіп, ЕА 7/03 нұсқауы халықаралық сауда мүдделері үшін ұлттық жүйелерді мойындауға негіз болады. Сондықтан, ИСО/МЭК 27001 халықаралық стандартына сәйкестік туралы сертификаттау бойынша осындай мойындауға және мақұлдауға қол жеткізу үшін, сертификаттау жөнінде қызмет көрсеткісі келетін ұйым ЕА 7/03 нұсқаулығына сәйкес ұлттық аккредиттеу алуы тиіс.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартына сәйкестік туралы аккредиттік сертификаттау ұйымның АҚБЖ-сін бағалауды да қамтиды. АҚБЖ сертификаттау ұйымның тәуекелді бағалау жұмысын бітіргенін және ақпараттық қауіпсіздік бойынша бизнес мұқтаждығын қанағаттандыратын басқару құралдары жүйесін сәйкестендіргенін және енгізгенін дәлелдейді. Ұйымның *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына, сондай-ақ барлық басқа қосымша құжаттарға сәйкестігі сертификаттық құжатпен немесе сертификатпен дәлелденеді. Бұл ұйымның өз өнімдері мен қызметтері бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің белгілі бір дәрежесіне жеткенін білдірмейтінін атап өту керек. Ондай дәрежеге жеткендіктің дәлелін сертификаттауды жүргізетін аудиторларға қауіпсіздікті бағалау түрінде көрсетуге болады, бірақ та мұндай бағалау сертификаттау процесінің бөлігі болып табылмайды.

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 стандартына сәйкестікке сертификаттау толықтай ұйымдардың өз еркімен жүргізіледі. *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартына сәйкестікке сертификаттау процесін табысты аяқтаған ұйымдар өздерінің ақпараттық қауіпсіздікті басқару мүмкіндіктеріне деген сенімін едәуір арттырады, ал бұл ұйымға өз кезегінде бірге жұмыс істейтін өздерінің сауда серіктестерін, тапсырыс берушілерді және акционерлерді сендіруге көмектеседі. Тиісті орган тарапынан берілген *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001*

[2] ЕА 7/03 нұсқауының мәтіні үш негізгі көзден құралған: ISO/IEC Guide 62:1996 нұсқауының бастапқы мәтіні (EN 45012:1998 нұсқауы оған пара пар), ИСО/МЭК Нұсқау 62 (IAF Guidance to ISO/IEC Guide 62) қолдану бойынша IAF Басшылық нұсқауларының бастапқы мәтіні және АҚБЖ сертификаттауға/тіркеуге қатысушы ұйымдарға арналған EN 45012 стандартын қолдану туралы қосымша басшылық нұсқаулары бар арнайы мәтін.

